

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы" және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының астанасын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарын іске асыру жөніндегі шаралар туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің 2007 жылғы 11 қыркүйектегі N 252-ө
Өкімі

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының " Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы " және " Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының астанасын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі (бұдан әрі - тізбе) бекітілсін.

2. Мемлекеттік органдар :

1) тізбеге сәйкес нормативтік құқықтық актілердің жобаларын әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін;

2) тиісті ведомствалық нормативтік құқықтық актілерді қабылдасын, Қазақстан Республикасының Үкіметін қабылданған шаралар туралы хабардар етсін.

Премьер-Министр

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
П р е м ь е р - М и н и с т р і н і ң
2 0 0 7 ж ы л ғ ы 1 1 қ ы р к ү й е к т е г і
N 2 5 2 - ө ө к і м і м е н
бекітілген

Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасы астанасының мәртебесі туралы " және "Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне Қазақстан Республикасының астанасын дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы" 2007 жылғы 21 шілдедегі заңдарын іске асыру мақсатында қабылдануы қажет нормативтік құқықтық актілердің тізбесі

Р/с N	Нормативтік актінің атауы	құқықтық	Актінің нысаны	Орындал- уына жауапты мемлекет- тік орган	Орындалу мерзімі
1	2		3	4	5
1.	Астананың кеңесінің құрамын	сәулетшілік және ол	Қазақстан Республикасы Президенти	Астана қаласының	

	туралы ережені бекіту туралы	дентінің Жарлығы	әкімдігі, ИСМ	2007 жылғы қыркүйек
2.	Астанада жолаушыларды және жүкті автомобиль көлігімен тасымалдау ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Астана қаласының әкімдігі, ККМ, ПМ	2007 жылғы қыркүйек
3.	Жеке және заңды тұлғалардың астана аумағында сауда, ойын-сауық, қонақ үй, медициналық және өзге де қызметтер көрсету ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Астана қаласының әкімдігі, ИСМ, ДСМ	2007 жылғы қыркүйек
4.	Республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының ішкі нарықта айналысқа жіберу үшін бағалы қағаздарды шығару ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	Қаржымині, Астана қаласының әкімдігі	2007 жылғы қыркүйек
5.	Жер учаскелерін игеру шарттары мен мерзімдерін белгілеу ережесін бекіту туралы	Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы	ЖРА	2007 жылғы қыркүйек
6.	Сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметін ерекше реттеу, сондай-ақ астананың аумағында және қала маңы аймағында қала құрылысын регламенттеу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	И С М , Астана қаласының әкімдігі	2007 жылғы қыркүйек
7.	Қазіргі бар ғимараттар мен құрылыстарды қайта жаңарту, оның ішінде тұрғын ғимараттарда мансардалық және типтік қабаттар салу процесін реттеу ережесін бекіту туралы	Бұйрық	И С М , Астана қаласының әкімдігі	2007 жылғы қыркүйек
8.	Астананың аумағында және қала маңы аймағында қолданылатын сәулет, қала құрылысы және құрылыс қызметі саласындағы мемлекеттік нормативтерді (мемлекеттік нормативтік құжаттарды) бекіту туралы	Бұйрық	И С М , Астана қаласының әкімдігі	2007 жылғы қыркүйек
9.	Коммуналдық мемлекеттік кәсіпорындарға бекітіп берілмеген коммуналдық	Астана қаласы	Астана қаласының әкімдігі,	2007 жылғы қыркүйек

	мүлік туралы	тізбесін бекіту	әкімдігінің қаулысы	ЭБЖМ, Қаржымині	
10.	Қала көшелерінің бекіту туралы	тізбесін	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы	Астана қаласының әкімдігі, ИМ	2007 жылғы қыркүйек
11.	Автотұрақтарды билъ қоятын ұйымдастыру бекіту туралы	(автомо-орындарды) ережесін	Астана қаласы әкімдігінің қаулысы	Астана қаласының әкімдігі, ИМ	2007 жылғы қыркүйек
12.	Астананың кеңесінің туралы	қала құрамын құрылысы бекіту	Астана қаласы әкімінің шешімі	Астана қаласының әкімдігі	2007 жылғы қыркүйек

Ескертпе : аббревиатуралардың толық жазылуы:

ИСМ - Қазақстан Республикасы Индустрия және сауда министрлігі

ККМ - Қазақстан Республикасы Көлік және коммуникация министрлігі

ИМ - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі

ДСМ - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігі

Қаржымині - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі

ЭБЖМ - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау

м и н и с т р л і г і

ЖРА - Қазақстан Республикасы Жер ресурстарын басқару агенттігі